

«Қаралды»
Әдістемелік бірлестік
жетекшісі: Б.М.Искакова
№ 1 хаттамасы


« » ж.

«Келісілді»

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары:
А.С.Боканова


«29» февраль 2024 ж.

«Бекітемін»

Күншалған орта мектебінің

директоры:
Г.А.Сагинбаева


«29» таңрыз ж.

«Күншалған ауылының ЖОББМ»КММ

2023- 2024 оқу жылына арналған

тәрбие жұмысының жоспары

Сынып: 3«А»

Сынып жетекші: Хамитова Л.А.

Тәрбие жұмысының тақырыбы:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін еске ала отырып, олардың өмірлік ұстанымдарын тәрбиелеу.

Мақсаты: Оқушылардың бойына сүйспеншілік сезімдері сіңіре отырып, еркін де озық ойлы, рухы биік, жоғары адамгершілікті, ерік-жігері мықты, өзін-өзі және өзгені бақылап, бағалай білетін, ана тілімен қатар әлемдік тілдерді де жетік меңгерген, саналы білім-іскерлігімен кез-келген әлемдік деңгейде бәсекеге түсе алатын, ұлтының рухани-мәдени, тарихи, жалпы адамзаттық құндылықтарын терең түсініп, сақтай, бағалай білетін ұлтжанды, отаншыл, ақиқатқа өзіндік шынайы көзқарасы қалыптасқан сегіз қырлы, бір сырлы азамат тұлғасын тәрбиелеу.

Міндеттері:

Өз еліне, туған жеріне, тіліне, дініне, діліне, ұлттың салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту;
Барлық әлеуметтік (ойын, оқу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек т.б.) әрекеттерде еркін ойын, өзіндік пікір мен көзқарасын білдіре отырып, оны дәлелдей алуын, өзін-өзі және өзгені бақылап-бағалай білуін;
Алған білім, білік, дағдыларымен, әлемдік бәсекеге шығармашылық тұрғыда түсе алуына;
Ұлтының және жалпы адамзаттық рухани-мәдени құндылықтарды бағалай білуіне;
Сегіз қырлы бір сырлы шыншыл азамат болуына қол жеткізу;
«Бала құқықтары» туралы Конвенцияны іске асыру;
ҚР Конституциясын басшылыққа алу;
ҚР «Білім туралы заңы» орындау;
ҚР «Жастар саясатын» іске асыру бағдарламасын жалғастыру;
Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың ҚР халқына жолдауын басшылыққа алу;

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Өр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
- Елінің тарихын құрметтейді;
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары;

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жанмен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтан умәдениетін түсінеді;
- Қоршаған ортата тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, мәдениет және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

Сыныптың төлқұжаты:

Барлығы: 9 оқушы

Қыз: 5 Ұл: 4

Ата-аналар комитеті

	Ата-ананың аты-жөні	Жұмыс орны, қызметі	Телефоны
Төрағасы	Абдыкенова Қымбат Құрмановна	Үй шаруасында	87712549679
Көмекшісі	Шамуратова Инабат Галиаскаровна	КАЖОББМ мұғалім	87719096246
Хатшысы	Хавдалғаш Армангүл	КАЖОББМ мұғалім	87055825390

Айы	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Рухани-адамгершілік тәрбие	Ұлттық тәрбие	Отбасы тәрбиесі	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие	Зияткерлік, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты
		Құндылықтар: Ұлттықмұдде(Отан), Ар-ұят, Талап						
Қыркүйек	1.«Мектебім-мерейлі мекенім» алғашқы қоңырау мерекесі	«Ана тілімізді құрметтейміз» т/с	«Ана тілімізді құрметтейміз» мәнерлеп оқу	«Отбасым-бақыт мекенім» Видео Ролик 2.Бақытты балалық шақ т/сағ	Сыныптағы гүлдерді суаруға көмектесу.	1 қазан – қарттар күні «Ата-әулеттің тірегі, Әже –ұрпақтың жүрегі»	«Әдептілік тәрбие бастауы» әңгіме	Мектептегі тәртіп ережелері.
Мерзімі	01.09.23	06.09.23		20.09.23 27.09.23				13.09.23
		Құндылықтар: Ұлттықмұдде(Отан), Ар-ұят, Талап						
Қазан	«Қылмыссыз балалық шақ» сын /сағ Менің Отаным тәр/сағ	«Әлемде бұдан әдемі мамандық жоқ» т/с	«Жеті атамды білемін» әңгіме	«Әкеге-ізет, анаға – құрмет»	«Күзгі еңбек» әңгіме жазу	«Қарттарым – асыл қазынам» қайырымдылық акциясы «Ұстазға сөз»Мұғалімдерді бейне құттықтау»	Мәншүк Мәметованың туғанына-100 жыл «Батыр Мәншүк 100 жаста	«Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы» дәрістер.
Мерзімі	11.10-25.10.23					04.10.23		18.10.23

қараша	«Теңге-мемлекеттің келбеті» т/сағ «Елбасы сенімі-ел сенімі» т/сағ	«Жақсы деген немене, Жаман деген немене?»	Ұлттық ойындар. «Хантала пай»	«Меніңбері котбасым »	«Құстар – біздің досымыз» құстарға ұя жасау	«Ғаламтор біздің өмірімізде» әңгіме	Мұхтар Әуезовтың туғанына - 125 жыл «Өлемге әйгілі – Әуезов»	«Денсаулық кілті» дәрігерлік кеңес
Мерзімі	08.11.23 29.11.23	15.11.23			22.11.23			
	Құндылықтар: Ұлттықмүдде(Отан), Ар-ұят, Талап							
Желтоқсан	«Тәуелсіздік-тірегім» т/сағ	«Мектебім – мақтанышым» әңгіме		«Бірге кітап оқиық!» эстафета	«Мамандықтың бәрі жақсы»	«Кел, Жаңа жыл» ертеңгілік	Буллингке жол жоқ.	«Ғайдалы кеңестер және жағымсыз әдеттер»
Мерзімі	13.12.23				20.12.23	27.12.23	06.12.23	
	Құндылықтар: Ұлттықмүдде(Отан), Ар-ұят, Талап							
қаңтар	Сыйластыққа себеп көп» т/сағ	«Кітап-білім бұлағы» т/сағ	«Ұлттық ойын ой сергітер»	«Бір отбасы – бір кітап» сурет бейне түсірілім	«Адал еңбек бейнесі» сурет салу	«Кітап- білім бұлағы» сыныпта кітап оқу	«Халқымыздың батыр қыздары туралы деректер» сұрақ - жауап	«Зиянды заттар» Мен және менің денсаулығым
Мерзімі	24.01.24	17.01.24		31.01.24				10.01.24

Ақпан	«Отаным-алтын бесігім» т/сағ	Тәрбие басы тал бесік» әңгімелесу	«Тағу үйдің тамағы тәтті» Бейне түсірілім	«Әке-асқар тау» т/сағ	Сыныптағы гүлдерді күту,суару	Қысқы табиғат Сурет салу	«Мен және менің достарым» т/сағ	«Жол тәртібі» т/сағ
Мерзімі	28.02.24			14.02.24			21.02.24	07.02.24
		Құндылықтар: Ұлттық мүдде(Отан), Ар-ұят, Талап						
Наурыз	«Қош келдің, Наурыз» т/сағ	«Ана-өмірдің шуағы»/ Шара «Ризашылық пен алғыс»	«Отбасылық таланттар»	Алғыс айту - игілік	«Көктемгі еңбек» әңгіме жазу	«Наурыз-бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі»	«Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» әңгіме	«Тіршіліктің негізі – салауатты болашақ»
Мерзімі	20.03.24	06.03.24						13.03.24
		Құндылықтар: Ұлттық мүдде(Отан), Ар-ұят, Талап						
Сәуір	«Қазақ ғарышкерлері» т/сағ	«Сен туған Қазақстанныңды білесің бе?» сұрақ-жауап	«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра»	«Тәртіп отбасынан басталады» пікір талас	«Еңбек - елдің мұраты» әңгіме	«Қазақ елі – ұлы достық мекені»	«Қызыл кітап құпиясы»	Сыныптағы тәртіп ережелері
Мерзімі	10.04.24		03.04.23	17.04.24		24.04.23		
		Құндылықтар: Ұлттық мүдде(Отан), Ар-ұят, Талап						

Мамыр	«Ұланымыз ұлы елдің» т/сағ «Өрле Қазақстан» Патриоттық әндер байқауын өткізу	«Табиғат тамашалары» сурет байқауы	«Төрт тұлкі-ырысымның бірлігі» т/сағ	Үздік оқырман» Байқауы	Гүлдер отырғызу	Жазғы табиғат Сурет салу	«Сыр сандық» (жұмбақ, мақал-мәтел)	«Тазалықты сүйеміз» әңгіме
	01.05.24-08.05.24		15.05.24					22.05.24